

**Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебінің қамқоршылық кеңесінің кезекті
отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

**Ақбұлақ шағын
орталықты орта мектебі**

30 қыркүйек 2020 жыл

Барлығы:10

Қатысқандары: 8

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде:

1. 2019 – 2020 оқу жылы бойынша Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп директорының есебі
2. 2019 – 2020 оқу жылы бойынша Бәйтелі бастауыш мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп меңгерушісінің есебі

Тыңдалды: Белгибаев Мият Ерікұлы – Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебінің директоры өз сөзінде 2019 – 2020 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебін беріп, таныстырды. Мектепте жалпы 56 педагог қызметкері жұмыс істейтінін, мектепте 388 оқушы білім алғанын, 23 сынып комплекті барын айтып өтті. 2019 – 2020 оқу жылының наурыз айында бүкіл әлемде болып жатқан пандемияға қарсы оқушылар таратылып, үй жағдайында қашықтықтан оқытылды. Сонымен қатар мектеп биылғы 2020 жылы күрделі жөндеуден өткендігі, іші-сырты түгелімен жаңарғанын айтып өтті. Мектептің ішіне әжетхана салынды, жөндеу жұмыстары аяқталып, қолданысқа берілді.

Р. Сабденов ауылындағы мешіттің имамы демеушілік көрсетіп, тұрмыс жағдайы төмен 5 отбасының балаларына мектеп құралдарын таратты.

Биылғы 2020 – 2021 оқу жылында 1 – 4 сыныптар түгелдей кезекші сыныпта оқып жатқандығы айтылды. Санитарлық талаптарды сақтап, оқытып отырмыз. Дегенмен ата – аналар тарапынан қолдау керек, балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізе отырып, жылы киіндіру, бала ауырған жағдайда дер кезінде баланы дәрігерге көрсету жұмысын бірлесе атқаруымыз керек - деп сөзін аяқтады.

Сөйледі:– Б. Бохаев - қамқоршылық кеңес мүшесі өз сөзінде мектеп директорының баяндамасын «Қанағаттанарлық» деп танылсын - деді

Тыңдалды: Б.К.Шайкыбекова Бәйтелі бастауыш мектебінің меңгерушісі өз сөзінде 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстары туралы есебін таныстырды. Бәйтелі бастауыш мектебінде жалпы 5-педагог жұмыс істейтінін айтты. Осы 5- педагогтың 4-уі жоғары білімді,1-уі арнаулы орта білімді. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы 50 % екенін мәлімдеді. 2019-2020 оқу жылында Бәйтелі бастауыш мектебінде 18-оқушы білім алды және 2- сынып комплектісі бар екендігі айтылды. 1-3 сынып бірге оқытылды, 2-4 сынып бірге оқытылды. Оқушылардың білім сапасы I тоқсанда 66,7% , II тоқсанда 73,3% , III тоқсанда

77,8%, IV тоқсанда 77,8%. Осы көрсеткіштердің нәтижесінде білім сапасын арттыру бағытындағы мәселелер баса айтылды.

Наурыз айында бүкіл әлемде болып жатқан карантинге байланысты мектеп оқушылары қашықтықтан оқығаны туралы айтылды.

2020 оқу жылында демеушілік есебінен берілген жұмыстарға тоқталып өтті.

Олардың мектептегі оқушының әлеуметтік жағдайына байланысты көп балалы отбасына азық-түлік алып берілді мектеп ұжымы атынан.










Мамыр айында мектепті әрлеу, сырлауға аудандық білім бөлімінен 30 кг ақ краска, 30 кг қоңыр краска, 6 кг жасыл краска, 40 кг әк бөлінді. Цемент 500 кг, водоземлюция 25 л бөлінді.

Мектебімізге әжетхана құрылысы мектеп ішінен жүргізілді. Мектептің есік терезелері, шатырын ауыстырды. Мектептің сыртын әрледі.

Сөйледі: – Харантаева А. С. қамқоршылық кеңес мүшесі, Бәйтелі ауылының тұрғыны, ата – ана мектеп меңгерушісінің баяндамасына «қанағаттанарлық» - деп сөз сөйледі, өз ойын айтты.

Ұсыныс

1. 2019 – 2020 оқу жылында Ақбұлақ шағын орталықты орта мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп директоры М. Е. Белгибаевтың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. 2019 – 2020 оқу жылында Бәйтелі бастауыш мектебінде атқарылған жұмыстар туралы мектеп меңгерушісі Б. Шайқыбекованың есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Мектептің материалдық техникалық базасын жетілдіру бағытында демеушілерді тарту жұмыстары жалғасын тапсын.

- | | | |
|----------------------|---|--------------------------------|
| 1. Аденов Қ. |  | қамқоршылық кеңесінің төрағасы |
| 2. Байгожаев А.С. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 3. Тойгулов Б.А. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 4. Бохаев Б.К. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 5. Харантаева А. С. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 6. Човдырбаева П. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 7. Отарымбетова З.Қ. |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 8. Әдепбай М |  | қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| 9. Акшолокова Р.Ж. |  | қамқоршылық кеңесінің хатшысы |

